



## **Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Кувейт Мемлекетінің Үкіметі арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 22 мамырдағы N 470

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылғы 31 тамызда Эль-Кувейт қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Кувейт Мемлекетінің Үкіметі арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған шешім туралы Кувейт тарапын хабардар етсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Кувейт  
Мемлекетінің Үкіметі арасындағы сауда-экономикалық  
ынтымақтастық туралы  
КЕЛІСІМ

Бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Кувейт Мемлекетінің Үкіметі,

сауда-экономикалық ынтымақтастықтың екі Уағдаласушы Тараптар мен олардың халықтарының арасындағы өзара сенім мен тұрақты ұзақ мерзімді негіздегі екі жақты қарым-қатынастарды дамытудың маңызды да қажетті құрамдас бөлігі болып табылатынын мойындай отырып,

экономиканың тұрақты дамуын, өз азаматтарының тұрмыс деңгейін жақсартуды, сондай-ақ өздерінің табиғи және еңбек ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатын басшылыққа ала отырып,

өз халықтарының мүддесімен екі жақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытып, одан әрі нығайту ниетімен, мыналар туралы келісті:

## 1-бап

Уағдаласушы Тараптар тиісті шаралар қабылдау арқылы экономикалық, техникалық және сауда ынтымақтастығын дамытатын болады.

## 2-бап

Ынтымақтастықтың осы Келісімде аталған салаларында, атап айтқанда тек бұлармен шектелмей, кіретін, бағыттар:

1. Екі ел арасында экономика, қаржы, сауда, банк ісі, өнеркәсіп, туризм және қызмет көрсету салаларындағы даму жобаларын сондай-ақ техникалық ынтымақтастық жобаларын жүзеге асыруды қолдау;

2. Ғылыми және техникалық зерттеулерге қатысты ақпарат алмасуды

ынталандыру;

3. Екі Уағдаласушы Тарап арасында әртүрлі тауарлар мен қызмет көрсетіп, алысуды ынталандыру;

4. Ынтымақтастықтың арнайы бағдарламалары үшін қажетті мамандар даярлауды және алысуды ынталандыру.

## 3-бап

Уағдаласушы Тараптар ынтымақтастықтың әр түрлі саласында өздерінің тиісті институттары арасында олардың заңды тұлғаларын және бірлескен кәсіпорындар мен компаниялар құруды қосқанда, сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытатын болады.

## 4-бап

Уағдаласушы Тараптар, тиісті елдер арасында қолданылатын заңдарға сәйкес, капитал мен инвестиция, тауар мен қызмет түрлерінің ағымын ынталандырып отыратын болады.

## 5-бап

Уағдаласушы Тараптар өздерінің әрқайсысына қатысты, олардың әрбірі жөнінде қолданылатын заңдар мен ережелерге сәйкес өз араларындағы экономикалық, сауда, техникалық өкілдер мен делегациялар алмасуды және сауда-экономикалық, техникалық ынтымақтастықты нығайту үшін көрмелер ұйымдастыруды ынталандыратын болады.

## 6-бап

Қажет болған жағдайда, Уағдаласушы Тараптар осы Келісімнің негізінде Уағдаласушы Тараптардың арасында келісіле алатын ынтымақтастықтың жоғарыда аталған және басқа да арнайы жобаларына қатысты арнайы келісімдер жасасады.

## 7-бап

1. Осы Келісімнің жүзеге асырылуын қамтамасыз ету мақсатында құрамына екі Уағдаласушы Тараптың өкілдері енетін Бірлескен комиссия құрылады. Комиссияның кездесулері әрбір Уағдаласушы Тараптың өтініші бойынша Уағдаласушы Тараптардың астаналарында алма-кезек өткізіліп тұратын болады.

2. *Inter alia*, Бірлескен комиссиясы:

а) Уағдаласушы Тараптардың арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты ынталандыру мен үйлестіруге;

ә) Осы Келісімнің және одан туындайтын басқа да келісімдердің жүзеге асырылуына бағытталған ұсыныстарды зерделеуге;

б) Осы Келісімге сәйкес жасалған қандай болса да бір жобаны орындау кезінде туындауы мүмкін кедергілерді жою жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуге;

в) Осы Келісімнің ережелерін қолдану немесе түсіндіру жөнінде туындайтын дауларды шешуге өкілетті.

## 8-бап

1. Бұл Келісім Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің күшіне кіруі үшін конституциялық талаптардың орындалғандығы туралы бір-біріне хабар берілген соңғы күні күшіне кіреді.

2. Бұл Келісім 5 жыл ішінде қолданыста болады және Уағдаласушы Тараптардың бірі екінші Тарапқа осы Келісімнің қолданысын тоқтатқысы келетін ниеті жөнінде оның бастапқы немесе келесі қолданыс мерзімі біткенге дейін 6 ай бұрын жазбаша түрде хабарлағанша, оның қолданысы келесі осындай уақыт кезеңінде дереу жаңартылатын болады.

### 3. Осы Келісімнің күшінің жойылуы 6-бапта аталған арнайы

келісімдерге ықпалын тигізбейді.

1997 жылғы 31 тамызда Кувейтте қол қойылған және әрқайсысы қазақ, араб және ағылшын тілдерінде екі данамен жасалды. Барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсінуге байланысты пікір алшақтығы туған жағдайда Уағдаласушы Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Кувейт Мемлекетінің  
Үкіметі үшін